

**Қалалық сараптамалық кеңес отырысының
№2 хаттамасынан үзінді**

29.08.2024 ж., сағ.15.00

Астана қ. әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК

1. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы эксперименттік алаңдар мен инновациялық жобалардың жұмысын ашу туралы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылында эксперименттік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан - 18 өтініш, оның ішінде: 4 эксперименттік алаң бойынша «Мен бәрін білгім келеді» шағын зертханаларында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зерттеу құзыреттілігін дамыту» (№№13, 48, 53, 63, 64, 70 балабақшалары), «Балабақшадағы тәрбиелеу мен білім беру үрдісінде этнопедагогика элементтерін қолдану» (№№14, 31, 36, 43, 45, 55, 61, 62, 94 балабақшалары), «Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру» (№№58, 82 балабақшалары), «Сенсорлық интеграция және нейротренажерлар арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту» (№25 «Таңшолпан» балабақшасы) және «Тілге бойлау» (Республикалық пилоттық жоба) (№№3, 6, 8, 20, 23, 30, 32, 34, 35, 39, 42, 53, 54, 59, 60, 74, 83, 87, 90, 94 балабақшалары); орта білім беру ұйымдарынан - 6 (№№5, 41, 76, 85, 90, 92 мектептері), техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан - 6 (Политехникалық жоғары колледжі, Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі, Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі, Қазтұтынуодағының жоғары колледжі, Сервис және туризм колледжі, техникалық колледжі) өтініштеріне сәйкес ұсынылған эксперименттік білім беру бағдарламаларын қарастырды.

Шешімі:

1. 2024 – 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сай жасалған эксперименттік білім беру бағдарламалары мақұлданып эксперименттік алаңдар ашуға Астана қаласының Білім басқармасына бұйрық шығаруға ұсыныс берілсін.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында:

- №№3, 6, 8, 20, 23, 30, 32, 34, 35, 39, 42, 53, 54, 59, 60, 74, 83, 87, 90, 94 балабақшаларында - «Тілге бойлау» (Республикалық пилоттық жоба);

- №№13, 48, 53, 63, 64, 70 балабақшаларында - «Мен бәрін білгім келеді» шағын зертханаларында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зерттеу құзыреттілігін дамыту»;

- №№14, 31, 36, 43, 45, 55, 61, 62, 94 балабақшалары - «Балабақшадағы тәрбиелеу мен білім беру үрдісінде этнопедагогика элементтерін қолдану»;

- №№58, 82 балабақшалары – «Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру»;

- №25 «Таңшолпан» балабақшасы – «Сенсорлық интеграция және нейротренажерлар арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту».

Жалпы білім беру ұйымдарында:

- №76 мектеп-лицейі - «Жобаға негізделген оқыту арқылы кәсіптік бағдар беру»;

- №78 мектеп-гимназиясы – «Қызықты қытай тілі»;

- №90 гимназиясы – «SHARE: мектеп тәжірибесінде».

Техникалық және кәсіптік беру ұйымдарында:

- Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі- 01140100 «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының «Оқу ақпаратын тарату» 03 кәсіптің модуліне ағылшын тілінде енгізу.

- Қоғамдық тамақтану сервисі колледжі - «Студенттік Гастро-ХАБ»;

- Сервис және туризм колледжі – «Табиғи және экологиялық проблемаларды шешу кезінде» орман шаруашылығы» мамандығы білімалушыларының кәсіби-зерттеу құзыреттерін дамыту»;

- Қазтұтынуодағының жоғары колледжі - 04140100 «Маркетинг» (салалар бойынша) мамандығының оқу үрдісіне заманауи цифрлық контентті енгізу.

2024-2025 оқу жылында эксперименттік инновациялық жобаларды ашу мәселесі бойынша

Шешімі:

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында келесі эксперименттік инновациялық жобалардың жұмысын жүзеге асыруға Астана қаласының Білім басқармасына бұйрық шығаруға ұсыныс берілсін:

- «Global Scholars» халықаралық жобасы: №№8, 82, 84, 90, 97 мектептерінде;

- «Бала Абай» жобасы: №№38, 42, 82, 89 мектептерінде;

- «Астана-Токио» онлайн бейнежазбасы» халықаралық жобасы: №№81, 85, 96 мектептерінде.

- «Өзгерістерден ізденістерге дейін» «SHARE» халықаралық жобасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін іс-әрекеттегі зерттеуді «Астана қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалы «Астана қаласындағы Халықаралық мектебі», «Riviera International School by Quantum» халықаралық мектебімен бірлескен жоба: №№40, 50, 51, 56, 64, 66, 67, 86, 93, 111, БиЛ (Ұ) мектептерінде;

- «А. Байтұрсынұлының атындағы «Ұлт ұстаз» зертханасы (қазақ тілі мен әдебиет пәні): №№16, 30, 48, 50, 52, 53, 56, 60, 76, 81, 90, 91 мектептерінде;

- «Қ. Бітібаева әдістемесі» зертханасы (қазақ тілі мен әдебиет пәні): №№30, 52, 59, 60, 63, 64, 65, 67, 72, 73, 77, 78, 84, 85, 93, 95 мектептерінде;

- «Дара бала» (қазақ тілі және ағылшын тілі пәндері): №85 мектеп-лицейінде.

Хатшы:



А. Бекжанова